

## "Азаматтық хал актілері жазбаларын жою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 9 қантардағы № А-1/14 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 ақпанда № 6375 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № А-2/40 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 03.02.2020 № А-2/40 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабындағы З-тармағына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса ұзынылып отырған "Азаматтық хал актілері жазбаларын жою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.
2. Осы қаулының орындауын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары О.А.Бектеновке жүктелсін.
3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*M.Мырзалин*

Ақмола облысы әкімдігінің  
2018 жылғы 9 қантардағы  
№ А-1/14 қаулысымен  
бекітілді

## "Азаматтық хал актілері жазбаларын жою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

**Ескерту. Регламент жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 17.05.2018 № А-5/219 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Азаматтық хал актілері жазбаларын жою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) азаматтық хал актілерін тіркеу саласында функцияларды жүзеге асыратын Ақмола облысы аудандарының

, облыстық маңызы бар қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті бөлімшелерімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мынадай баламалы негізде:

көрсетілетін қызметті беруші;

қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі - ауылдық округтің әкімі);

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі:

азаматтық хал акті жазбасының күшін мұдделі тараптардың өтініші бойынша, сондай-ақ сот шешімі негізінде жойған кезде – азаматтық хал акті жазбасының күшін жою туралы тіркеуші органның жауабы;

әке болуды анықтау, бала асырап алу (алғашқы қалыптастырылған жеке сәйкестендіру нөмірін қалпына келтірумен), атын, тегін, әкесінің атын өзгерту туралы жазбалардың күшін жойған кезде – бастапқы деректермен қайталама туу туралы куәлік, қажет болған жағдайда, туу туралы анықтама;

неке бұзы туралы акт жазбасының күшін жойған кезде – тиісті некені қию туралы куәлік;

немесе Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығымен бекітілген "Азаматтық хал актілері жазбаларын жою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11374 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша жеке басын куәланышыратын құжатты көрсеткен кезде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Көрсетілетін қызметті алушымен Стандарттың 9-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимыл) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның уәкілетті өкілі көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) кеңсенің қызметкері құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады – 20 минут;

2) басшы құжаттармен танысады және жауапты орындаушыны белгілейді – 1 сағат;

3) жауапты орындаушы құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды:

мұдделі тұлғалардың өтініші бойынша – 28 күнтізбелік құн, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу және қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде – көрсетілетін қызметті алушы қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік 3 құн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 қүннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

сот шешімінің негізінде – 14 күнтізбелік құн, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу және қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде – көрсетілетін қызметті алушы қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік 3 құн ішінде хабардар етіле отырып, күнтізбелік 30 қүннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

4) басшы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды – 1 сағат;

5) кеңсенің қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді – 20 минут.

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның уәкілетті өкілі ауылдық округтің әкіміне жүгінген кезде:

1) ауылдық округтің әкімі құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады – 20 минут;

2) ауылдық округтің әкімі құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды – 1 күнтізбелік құн;

3) кеңсенің қызметкері құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады – 15 минут;

4) басшы құжаттармен танысады және жауапты орындаушыны белгілейді – 1 сағат;

5) жауапты орындаушы құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды:

мұдделі тұлғалардың өтініші бойынша – 25 күнтізбелік құн, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу және қосымша зерделеу немесе тексеру қажет

болған кезде – көрсетілетін қызметті алушыны қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік 3 күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

сот шешімінің негізінде – 12 күнтізбелік күн, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу және қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде – көрсетілетін қызметті алушы қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік 3 күн ішінде хабардар етіле отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

6) басшы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды – 1 сағат;

7) кеңсенің қызметкері ауылдық округтің әкіміне мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін жолдайды – 1 күнтізбелік күн;

8) ауылдық округтің әкімі мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін береді – 20 минут.

6. Келесі рәсімдерді (іс-қимылдарды) орындауды бастау үшін негіз болып табылатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдердің (іс-қимылдардың) нәтижесі:

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның уәкілетті өкілі көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде.

1) құжаттарды қабылдау және тіркеу;

2) жауапты орындаушыны белгілеу;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындау;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне қол қою;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру.

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның уәкілетті өкілі ауылдық округтің әкіміне жүгінген кезде:

1) құжаттарды қабылдау және тіркеу;

2) құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдау;

3) құжаттарды қабылдау және тіркеу;

4) жауапты орындаушыны белгілеу;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындау;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне қол қою;

7) құжаттарды ауылдық округтің әкіміне жолдау;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) кеңсенің қызметкері;
- 2) басшы;
- 3) жауапты орындаушы;
- 4) ауылдық округтің әкімі.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның уәкілетті өкілі көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) кеңсенің қызметкері құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады – 20 минут;

2) басшы құжаттармен танысады және жауапты орындаушыны белгілейді – 1 сағат;

3) жауапты орындаушы құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды:

мұдделі тұлғалардың өтініші бойынша – 28 күнтізбелік күн, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу және қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде – көрсетілетін қызметті алушы қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік 3 күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

сот шешімінің негізінде – 14 күнтізбелік күн, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу және қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде – көрсетілетін қызметті алушы қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік 3 күн ішінде хабардар етіле отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

4) басшы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды – 1 сағат;

5) кеңсенің қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді – 20 минут.

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның уәкілетті өкілі ауылдық округтің әкіміне жүгінген кезде:

1) ауылдық округтің әкімі құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады – 20 минут;

2) ауылдық округтің әкімі құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды – 1 күнтізбелік күн;

3) кеңсенің қызметкері құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады – 15 минут;

4) басшы құжаттармен танысады және жауапты орындаушыны белгілейді – 1 сағат;

5) жауапты орындаушы құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды:

мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша – 25 күнтізбелік күн, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу және қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде – көрсетілетін қызметті алушыны қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік 3 күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

сот шешімінің негізінде – 12 күнтізбелік күн, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу және қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде – көрсетілетін қызметті алушы қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап күнтізбелік 3 күн ішінде хабардар етіле отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

6) басшы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды – 1 сағат;

7) кеңсенің қызметкері ауылдық округтің әкіміне мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін жолдайды – 1 күнтізбелік күн;

8) ауылдық округтің әкімі мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін береді – 20 минут.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) басқа да көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

9. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына және (немесе) басқа көрсетілетін қызметті берушілерге өтініш білдіру тәртібін, көрсетілетін қызметті алушының (немесе оның уәкілетті өкілінің) сауалын өндөу ұзақтығын сипаттау:

1-процесс – Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ұсынылған құжаттарды тексереді, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қабылдайды және тіркейді, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді;

1-шарт - көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді;

2-процесс – осы регламенттің 5-тармағында қарастырылған көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимылдары;

3-процесс - Мемлекеттік корпорацияның қызметкеріністі құжаттарды қабылдау туралы қолхатында көрсетілген мерзімінде көрсетілетін қызмет алушыға дайын мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді.

Мемлекеттік корпорацияға өтініш білдірген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша көп рұқсат етілген уақыты – 15 минут.

Кызмет көрсетудің барынша көп рұқсателіген уақыты – 15 минут.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға өтініш білдірген кездегі қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акті жазбасын жою туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш);
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) жойылуға жататын азаматтық хал акт жазбасының негізінде берілген куәліктер немесе анықтамалар;
- 4) азаматтық хал акті жазбаларының жойылу қажеттігін раставтын құжат (бар болған жағдайда);
- 5) көрсетілетін қызметті алушының өкілі өтініш білдірген кезде, нотариалды куәландырылған сенімхат;

Занды қүшіне енген сот шешімі негізінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы мыналарды ұсынады:

- 1) Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сот шешімі негізінде акті жазбасын жою туралы өтініш;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке куәлігі (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 3) мемлекеттік тіркеу орны мен уақыты көрсетілген қүшін жою туралы, бұрын шығарылған фактін тану не акті жазбасын мемлекеттік тіркеу туралы сот шешімінің қүшін жою туралы, қүшін жоюға жататын акті жазбасын көрсете отырып, акті жазбасын жарамсыз деп тану туралы занды қүшіне енген сот шешімі.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, сондай-ақ егер тіркеу Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін жүргізілген болса, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметтер, көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.


Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара рәсімдерінің (іс-қимылдарының) реттілігін нақтылы сипаттау, осы регламенттің қосымшасына

сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.


"Азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

## "Азаматтық хал актілерінің жазбаларын жою" мемлекеттік қызметті көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның уәкілетті өкілі көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде



Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның уәкілетті өкілі ауылдық округтің әкіміне жүгінген кезде



Шартты белгілер:

- мемлекеттік қызмет керсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- керсетілетін қызметті алушының рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) КФБ атауы;
- - келесі рәсімге (іс-қимылға) ету.